**"Спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 1 қарашадағы № 293 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 337 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 қарашада № 24992 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 1 қарашадағы № 293 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19544 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын;

3) осы бұйрықпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі* | *А. Раимкулова* |

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2021 жылғы 29 қазандағы
№ 337 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің 2019 жылғы
1 қарашадағы № 293

бұйрығымен
бекітілген

# Спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесі

| Спорт түрлерінің атауы | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Топтар атауы | № | Олимпиадалық емес спорт түрінің атауы | Жазғы олимпиадалық спорт түрінің атауы | Қысқы олимпиадалық спорт түрінің атауы | Паралимпиадалық спорт түрінің атауы | Ұлттық спорт түрінің атауы |
| "А" тобы | 1. | Ашихара-каратэ | Ауыр атлетика | Биатлон | Арбадағы баскетбол | Жекпе-жек |
| | 2. | Белбеу күресі | Әйелдер күресі | Конькимен жүгіру спорты | Арбадағы семсерлесу | Қазақ күресі |
| | 3. | Биатл | Байдаркамен каноэде есу | Шаңғы жарыстары | Арбадағы регби | Тоғызқұмалақ |
| | 4. | Гір спорты | Бокс | Фристайл могул | Арбадағы теннис | |
| | 5. | Грэпплинг (AIGA нұсқасы) | Велосипед спорты (тас жол) | Шорт-трек | Арбадағы керлинг | |
| | 6. | Грэпплинг UWW | Велотрек | | Бочча | |
| | 7. | Джиу-джитсу | Грек-рим күресі | | Волейболды отырып ойнау | |
| | 8. | Жауынгерлік жекпе-жектің аралас түрлері (ММА) | Дзюдо | | Голбол | |
| | 9. | Каратэ (WKF) | Еркін күрес | | Пара садақ ату | |
| | 10. | Кекушинкай каратэ | Жеңіл атлетика | | Пара жеңіл атлетика | |
| | 11. | Кикбоксинг | Жүзу | | Пара бадминтон | |
| | 12. | Комбат Дзю-дзюцу | Көркем гимнастика | | Пара каноэ | |
| | 13. | Қол күресі | Регби | | Пара велоспорт | |
| | 14. | Қоян-қолтық ұрыс | Стенд ату | | Пара ат спорты | |
| | 15. | Муайтай (муай, тай боксы) | Таеквондо WTF | | Пара дзюдо | |
| | 16. | Панкратион | Теннис | | Пара пауэрлифтинг | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 17. | Пауэрлифтинг | Үстел тенисі | | Пара есу | |
| | 18. | Регби 15 | | | Пара оқ ату | |
| | 19. | Самбо және әскери самбо | | | Пара жүзу | |
| | 20. | Триатл | | | Пара устел теннисі | |
| | 21. | International Taekwon-do Federation версиясы бойынша Таэквон-до ITF | | | Пара таеквондо | |
| | 22. | Nomad MMA | | | Пара триатлон | |
| | 23. | | | | Пара тау шаңғысы | |
| | 24. | | | | Пара биатлон | |
| | 25. | | | | Пара шаңғы жарысы | |
| | 26. | | | | Пара мұздағы хоккей | |
| | 27. | | | | Пара сноуборд | |
| | 28. | | | | Футбол 5x5 ( көру қабілеті зақымданған) | |
| | 1. | Альпинизм | Ат спорты | Керлинг | | Асық ату |
| | 2. | Дойбы | Академиялық есу | Конькимен мәнерлеп сырғанау | | Аударыспақ |
| | 3. | Допты хоккей | Әртістік жүзу (үйлесімді жүзу) | Тау шаңғысы спорты | | Бәйге |
| | 4. | Жылжымалы нысана көздеу | Бадминтон | Шаңғымен тұғырдан секіру | | Жамбы ату |
| | 5. | Индорхоккей | Баскетбол | Шайбалы хоккей | | Теңге ілу |
| | 6. | Каратэ шинкиокушинкай | Баскетбол 3x3 | Фристайл акробатика | | |
| | 7. | Каратэ-до кекушин | Батуттық гимнастика | | | |
| | 8. | Каратэ-до шотакан | Есу слаломы | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| "В" тобы | 9. | Киокушинкай-кан каратэ | Көгалдағы хоккей | | | |
| | 10. | Пенчак силат | Классикалық волейбол | | | |
| | 11. | Президенттік көпсайыс | Қазіргі бессайыс | | | |
| | 12. | Спорттық акробатика | Нысана көздеу | | | |
| | 13. | Спорттық бағдарлау | Су добы | | | |
| | 14. | Спорттық балық аулау | Спорттық құзға өрмелеу | | | |
| | 15. | Спорттық туризм | Садақ ату | | | |
| | 16. | Сурдо жеңіл атлетика | Суға секіру | | | |
| | 17. | Сурдо таеквондо | Семсерлесу | | | |
| | 18. | Сурдо күрес | Спорттық гимнастика | | | |
| | 19. | Таеквон-до GTF | Триатлон | | | |
| | 20. | Ушу | Футбол | | | |
| | 21. | Шахмат | | | | |
| | 1. | Автомотоспорт | Ашық суда жүзу | Сноуборд | | Көкпар |
| | 2. | Аэробты гимнастика | Брейкинг | Шаңғы қоссайысы | | Құсбегілік |
| | 3. | Авиация спорты | Гольф | | | |
| | 4. | Бильярд | Жағажай волейболы | | | |
| | 5. | Бодибилдинг | Желкенді қайық спорты | | | |
| | 6. | Би спорты | Қол добы | | | |
| | 7. | Кеме модельдеу спорты | Маунтинбайк | | | |
| | 8. | Киберспорт | Скейтбординг | | | |
| | 9. | Мейбукан Годзю-рю карате-до | | | | |
| | 10. | Өрт сөндіру және өрттен құтқару | | | | |
| | 11. | Петанк | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| "С" тобы | 12. | Пилондағы спорт | | | | |
| | 13. | Радиоспорт | | | | |
| | 14. | Спортинг | | | | |
| | 15. | Су асты спорты | | | | |
| | 16. | Сурдо бадминтон | | | | |
| | 17. | Сурдо волейбол | | | | |
| | 18. | Сурдо гір спорты | | | | |
| | 19. | Сурдо дартс | | | | |
| | 20. | Сурдо дойбы | | | | |
| | 21. | Сурдо жүзу | | | | |
| | 22. | Сурдо қол күресі | | | | |
| | 23. | Сурдо пауэрлифтинг | | | | |
| | 24. | Сурдо нысана көздеу | | | | |
| | 25. | Сурдо тоғызқұмалақ | | | | |
| | 26. | Сурдо үстел теннисі | | | | |
| | 27. | Сурдо футбол | | | | |
| | 28. | Сурдо шағын футбол | | | | |
| | 29. | Сурдо шайбалы хоккей | | | | |
| | 30. | Сурдо шаңғы жарыстары | | | | |
| | 31. | Сурдо шахмат | | | | |
| | 32. | Тәжірибелік ату | | | | |
| | 33. | Текбол | | | | |
| | 34. | Унифайт | | | | |
| | 35. | Черлидинг | | | | |
| | 36. | Эстетикалық топтық гимнастика | | | | |
| | 37. | Kyokushin Budokai Karate – | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Кекушин Будокай Каратэ | | | | |

Ескертпе:

* спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесіндегі сараланған спорт түрлерін "A", "B", "C" топтарына бөлу Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 216 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында спорт түрлерін саралау қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15509 болып тіркелген) 31-тармағына сәйкес жүргізіледі.

** аббревиатуралардың түсіндірмесі:

AIGA – Аматэур Интернейшнал Греплинг Ассосейшн (Amateur International Grappling Association);

GTF – Глобал таеквондо федерейшн (Global taekwon-do federation);

ITF – Интернейшнал Таеквондо Федерейшн (International Taekwon-do Federation);

MMA – Миксд Мартиал Артс (Mixed Martial Arts);

UWW – Юнайтед Уолд Врестлинг (United World Wrestling);

WTF – Уолд теаеквондо Федерейшн (Таэкводо World taekwondo Federation);

WKF – Уолд каратэ Федерейшн (Каратэ World Karate Federation).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК